

Ұлытау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 10 қазандағы № 81/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 14 қазанда № 37125 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Ұлытау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А. Идырысов

2025 жылғы 10 қазандағы

№ 81/01

Қаулысына қосымша

Ұлытау облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында қатты пайдалы қазбалар өндіру бойынша "Қужал" кен орнының шекарасындағы Көкпекті өзені учаскесінің су қорғау аймағын, белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 64/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 76-20 болып тіркелген) қаулысы;

2. "Ұлытау облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалуға, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 02/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 87-20 болып тіркелген) қаулысы;

3. "Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Борсеңгір ауылдық округінде орналасқан, қаралып отырған тұста Жиделісай өзені учаскесінің су қорғау аймағын, белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 02/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 174-20 болып тіркелген) қаулысы;

4. "Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 64/01 "Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында қатты пайдалы қазбалар өндіру бойынша "Қужал" кен орнының шекарасындағы Көкпекті өзені учаскесінің су қорғау аймағын, белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 34/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 184-20 болып тіркелген) қаулысы;

5. "Ұлытау облысының Жиделісай, Көкдомбақ өзендері учаскелерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № 35/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 185-20 болып тіркелген) қаулысы;

6. "Ұлытау облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары, белдеулері және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 мамырдағы № 43/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 198-20 болып тіркелген) қаулысы.